

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім  
бөлімінің Қ.Абаханов атындағы орта мектебі» КММ бойынша  
2024 жылдың 12 қыркүйегінде бракераждық комиссияның мектеп  
асханасының ас блогына жүргізген мониторинг қорытындысы**

Қабижан Абаханов атындағы орта мектебі бойынша жалпы бала саны-440. Оның ішінде бастауыш сыныптың 160 окушысы түгел тегін ыстық тамақпен, 5-11 сыныпта жекелеген санаттар бойынша тегін ыстық тамақпен 20 окушы қамтылған. Окушылар 2 ауысымда тамақтанады, I ауысым- 93 окушы, II ауысым-87 окушы.

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 сәйкес 2024-2025 оқу жылында Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша білім алушыларға тамақтануды сапалы ұйымдастыру, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтану сапасына мерзімдік бракераждық бақылау жүргізу мақсатында мектеп директорының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 113 бүйрүгімен арнайы комиссия тобы құрылды.

Комиссия мүшелері: Н.Рахметуллина- мектеп директоры, комиссия төрағасы; Комиссия мүшелері: Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- А.Жардемова, әлеуметтік педагог- А.Қайратқызы, педагог-психолог-Г.Қосымбаева, бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі-Г.Уалиева, ата-аналар комитетінің мүшесі- Л.Сулейменова, медбике- А.Мусагалиева.

Ағымдағы жылдың 12 қыркүйек күні бракераж комиссия мүшелері, аудандық мәслихат депутаты М.Ілияс, қамқоршылық кеңес төрағасы, жеке кәсіпкер – К.Амангалиеваның қатысуымен ас блок жұмысына тексеру жүргізілді. Тексеріс барысында төмендегі жағдайлар анықталып, хаттамасы толтырылды.

Асхана сыйымдылығы -100 орын, 2023 жылы модернизациядан өткен. Окушыларды сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалған. Тамақтанар алдында санитарлық талаптарды сақтау мақсатында 7 қол жуатын орын, әр орынның қасында арнайы сұйық сабын, оған арналған дозатор және электронды қол кептіргіш орнатылған.

Окушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2 дана фильтр орнатылған арнайы су бүркәк, фильтрлекен суға арналған диспенсер және 2 сағат сайын дайындалатын қайнаған су беру ұйымдастырылған, жауапты адам бекітілген.

Сол күнгі ас мәзірі перспективалық ас мәзіріне, апталық ас мәзіріне және стендте ілінген мәзірге сәйкес келеді. Ас мәзірінде жас ерекшеліктерге сәйкес әр тағамның мөлшері көрсетілген, арнайы таразымен қарағанда жетіспеушілік анықталған жок.

2024 жылдың 12 қаңтардағы №1 келісім шарт негізінде асхананы жалға алушы кәсіпкер ЖК «Мырзахметова У.Л.» болып табылады. Асхана жұмысына санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды 2023 жылдың 29 қарашасында берілген.

Үйдис-аяқ, тамақты дайындауға арналған ыдыс, құрал жабдықтар, ас үйге қажетті құрал- саймандардың барлығына арнайы таңба соғылған (маркировка). Сынған, жарылған ыдыс пайдалану фактісі анықталмады.

Азық-тұліктегі сақтайтын қоймалар таза. Санитарлық талаптарға сәйкес барлық ережелер сақталған. Тез бұзылатын тағам және ет өнімдерін сақтауға арналған 2 мұздатқыш, 2 тоңазытқыш жұмыс жасап тұр. Температуралық режим сақталған, арнайы журналға мәліметтер енгізіліп отырылады. Ас блок қызметкерлері арнайы киіммен қамтылған, санитарлық-медициналық кітапшалары бар. Ас дайындайтын аспаздының арнайы квалификациясы бар.

Сонымен қатар, сол күні берілген тамақтардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізілді. Дайын тағамдардың және сусындардың иісі, дәмі, консистенциясына оң баға берілді.

Күнделікті оқушылар тамақтанар алды мектебіміздің бракераж комиссиясының мүшелері, медбике А.Мусагалиева және әлеуметтік педагог А.Қайратқызы дайын тағам өнімінің сапасын қарап, бақылап журналға енгізіп отырады. Асхана қызметкерлері жұмысын бастамас бұрын денелерінде жара болмауын тексеріп, қатаң қадағалауда ұстайды.

Тексеру қорытындысы бойынша комиссия мүшелері және арнайы шақыртылған өкілдер асхана жұмысы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді деп бағалады. Тексеріс барысында зан бұзушылықтар анықталмады.

**«Келісемін»:**

**Индер ауданы білім бөлімінің басшысы:**

**О.Дилмукашева**

**Мектеп директоры:**

**Н.Рахметуллина**

